

Ғылыми мақала

GTAMP 14.35.09

<https://doi.org/10.55956/TNZZ1621>

**М.П. Оспанбаева** 

Психология ғылымдарының кандидаты, доцент  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті  
Тараз, Қазақстан  
[Ospanbaevamp@gmail.com](mailto:Ospanbaevamp@gmail.com)

**Е.Х. Рысметов** 

доцент м.а.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті  
Тараз, Қазақстан  
[jambayerjan@gmail.com](mailto:jambayerjan@gmail.com)

**Ш.Т. Турдалиева** 

Психология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті  
Тараз, Қазақстан  
[sh.turdalieva@dulaty.kz](mailto:sh.turdalieva@dulaty.kz)

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

**Аңдатпа.** Мақалада жоғары білім беру жүйесіндегі қарқынды цифрлық трансформация үрдісін зерттеу нәтижелері талданды. Университет оқытушыларының академиялық іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымындағы заманауи өзгерістер сипаты зерттелді. Ақпараттық дәуірде профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық, технологиялық және психологиялық құзыреттіліктері замана талабына сай, қайта қарауды қажет етеді. Осыған орай, жоғары білім беру ұйымдары оқытушыларының академиялық іс-әрекетінің цифрлық трансформациясын институционалдық және психологиялық факторлар тұрғысынан зерттеу қарастырылды. ҚР жоғары білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы аясында жүргізілген зерттеу цифрландыру, гибриді оқыту және академиялық реформалар кезеңін қамтиды. Ұсынылып отырған эмпирикалық модельде академиялық іс-әрекет трансформациясына әсер ететін тәуелсіз айнымалылар ретінде цифрлық инфрақұрылымның қолжетімдігі, цифрлық білім беру платформаларын пайдалану деңгейі, цифрлық педагогикалық құзыреттілік, институционалдық қолдау және кәсіби цифрлық даму мүмкіндіктері зерттелді. Зерттеу нәтижелері цифрлық трансформация факторларының білім беру, ғылыми-зерттеу, әдістемелік қызмет, академиялық коммуникация, академиялық адалдық үрдістерінің өзгерістеріне елеулі әсер ететінін көрсетті және жоғары білім беру жүйесіндегі академиялық іс-әрекеттің психологиялық тетіктерін тереңірек түсінуге, институционалдық саясатты жетілдіруге, кәсіби даму бағдарламаларын жаңғыртуға негіз бола алатынын дәлелдеді.

**Тірек сөздер:** цифрлық трансформация, академиялық іс-әрекет, жоғары оқу орны оқытушылары, цифрлық құзыреттілік, академиялық мотивация.

**Кіріспе.** Жаһандану кезеңі және цифрландыру жағдайындағы қазіргі қазақстандық жоғары білім беру жүйесі түбегейлі трансформация үдерісін бастан өткеруде.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы, онлайн және гибриді оқыту форматтарының кеңінен қанат жаюы, сондай-ақ цифрлық білім беру платформала-

рының молынан енгізілуі жоғары оқу орындарындағы академиялық қызметтің мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қажетсінеді. Аталған өзгерістер аясында, университет оқытушыла-рының академиялық іс-әрекеті цифрлық трансформация үрдісінің негізгі нысандарының біріне айналып отыр. Қазақстан Республикасы үшін институционалдық цифрландыру бағдарламаларының маңызы ел Президентінің «Цифрландыру және жасанды интеллект – стратегиялық міндет. Бұл бағыттағы жұмыстың нәтижесі еңбек өнімділігін арттыруға және қызмет сапасын жақсартуға оң ықпал етуі керек» тұжырымымен негізделеді [1].

Университеттерде цифрлық трансформация стратегияларын енгізу өзектілігі жоғары оқу орындарында бәсекелестікті арттырып, білім сапасының жақсаруына ықпал етеді. Сондықтан, академиялық іс-әрекеттің цифрлық трансформациясы білім беру контенттерін цифрландыру мен оқу үрдісін басқаруды цифрландырумен шектелмейтін, ауқымды шара. Соңғы жылдары жоғары білім берудің цифрлық трансформациясы жүйелік процесс болып, тек университеттердің техникалық инфрақұрылымына ғана емес, сонымен қатар оқуды ұйымдастырудың, коммуникацияның және білім беру нәтижелерін басқарудың негізгі тетіктеріне де әсер етті. Аралас және онлайн оқыту тәжірибелерінің кеңеюі, цифрлық платформалардың дамуы, электрондық оқу орталарының, білім беру деректерін талдау құралдарының және автоматтандырылған бағалау жүйелерінің енгізілуі – оқытушылардың академиялық іс-әрекетінің өзгерістерін туындататын, жаңа институционалдық болмыс шындығын қалыптастыру үстінде. Университет профессурасы цифрлық ортада академиялық мазмұнды таратудың дәстүрлі функцияларымен қатар,

білім беру тәсілдерін жобалау дизайнерлеріне айналып, цифрлық өзара әрекеттесу мен білім беру сапасын басқару, үрдіс нәтижелерін талдау қызметтерін қоса атқаруда. Дегенмен, шынайы жағдайлардың екінші бір парасы университеттер тәжірибесіндегі цифрландыру үрдісінің, негізінен, инструменталды деңгейде жүзеге асырылатындығын көрсетеді: оқу материалдарын электрондық жүйелерге аудару, курс мазмұнын жариялау және сабаққа қатысуды бақылау платформаларын қолдану, білімді бағалауды компьютерлік тестілеу негізінде жүргізу. Мұндай техникалық сипаттағы цифрландыру үрдісі, әркез жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасының жақсаруына әкеле бермейді; сондай-ақ, оқытушылардың жүктемелерінің көбеюімен, оқытудың формальды сипатқа ие болуымен және білім беру үрдісінде өзара әрекеттесу тереңдігінің төмендеуімен шарттасады [2].

Жоғары оқу орындарындағы институционалды цифрлық шешімдер әркез тиімділіктің артуымен өлшенуі тиіс. Профессор-оқытушылар құрамының әдіснамалық әзірлемелері, дидактикалық дизайн және өзгерістерге бейімделуге кәсіби дайындықтары нақты педагогикалық әсерлер арасындағы қайшылықтардың сейілуіне әкеледі. Осы мәселенің ғылыми маңызы оқытушылардың академиялық қызметінің цифрлық трансформациясы тұжырымдамасын технологиялық тәжірибелер жиынтығы ретінде емес, педагогикалық құбылыс ретінде нақтылау қажеттілігінен туындайды. Жоғары білім беру педагогикасы мен білім беру философиясы аясында цифрлық трансформация қызмет құрылымындағы өзгерістер деңгейінде талдауды талап етеді: оқытудың мақсаттары мен құралдары, студенттермен өзара әрекеттесу сипаты, бақылау және бағалау

әдістері, сондай-ақ платформа арқылы білім алу аясында оқытушылардың кәсіби рөлдерін қайта қарастыру. Трансформацияны цифрлық сауаттылыққа дейін төмендететін таза құзыреттілікке негізделген тәсілдің жеткіліксіздігі – құндылықтар мен семантикалық компоненттерді, педагогикалық-психологиялық сенімдерді, оқытушының өзін-өзі бағалауын және рефлексияны академиялық іс-әрекеттің цифрлық трансформациясының сапасы мен тереңдігін анықтайтын өлшемдер ретінде зерттеуді талап етеді [3].

Халықаралық зерттеулерде жоғары білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның педагогикалық және технологиялық аспектілері кеңінен қарастырылғанымен [4-5], оқытушылардың академиялық іс-әрекетінің психологиялық механизмдері жеткілікті деңгейде зерттелмеген [5]. Әсіресе цифрлық бейімделу, академиялық мотивация және кәсіби өзіндік тиімділік сияқты психологиялық факторлардың цифрлық трансформация үрдісіндегі рөлі кешенді эмпирикалық талдауды қажет етеді. Мәселенің өзектілігі Қазақстандық жоғары білім беру кеңістігін де айналып өтпейді, өйткені университеттерде цифрландыру үрдісі жүйелі түрде енгізіліп, оқытушылардың кәсіби қызметіне қойылатын талаптар айтарлықтай өзгеруде. Осындай объективті факторларға байланысты, зерттеу жоғары оқу орны оқытушыларының академиялық іс-әрекетінің цифрлық трансформациясын институционалдық және психологиялық факторлар тұрғысынан эмпирикалық тұрғыда зерделеуді мақсат тұтты. Зерттеу цифрлық трансформация факторлары мен академиялық іс-әрекет компоненттері арасындағы өзара байланысты, сондай-ақ бұл байланыстың психоло-

гиялық медиаторлар арқылы қалай жүзеге асатынын анықтауға бағытталады. Зерттеу нәтижелері жоғары білім беру ұйымдарында цифрлық трансформацияны тиімді басқаруға, оқытушылардың кәсіби дамуын қолдауға және академиялық қызметтің сапасын арттыруға ғылыми-тәжірибелік негіз қалыптастырады.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Заманауи жоғары білім беру тиімділігі цифрлық технологиялар мен платформалық шешімдердің институционалдық тұрғыда және жедел енгізілуімен сипатталады. Дегенмен, цифрландыру қарқындылығына қарамастан, оқытушылардың академиялық іс-әрекеттері біртұтас педагогикалық үрдіс ретінде қалай өзгеріп жатқаны туралы мәселе шешімі әлі де жеткіліксіз. Мәселен, академиялық іс-әрекеттің қандай құрылымдық бөлімінің өзгеріп жатқандығы, оның тиімділігін қамтамасыз ететін тетіктер және осы өзгерістер шамасы, олардың критерийлері. Осыған орай, зерттеу мақсаты академиялық іс-әрекеттің цифрлық трансформациясының маңызды сипаттамаларын, оның тиімділігі мен тұрақтылығын анықтайтын факторларды талдау және негіздеуді қарастырады. Мұндағы басты қайшылық – жоғары білім беру үрдісіне цифрлық технологияларды кең көлемде әрі институционалды қолдаумен енгізе тұра, олардың фрагментті сипат алуы, соның салдарынан тәжірибелердің формальды болуы және білім беру нәтижелерінің түсініксіздігінің орын алуы, оқытушылардың академиялық іс-әрекеттерінің цифрлық трансформациясының педагогикалық құбылыс ретіндегі ғылыми-теориялық дамуының жеткіліксіздігіне әкелуі. Мәселені анықтау үшін келесі зерттеу міндеттері белгіленді:

- зерттеудің тұжырымдамалық негізін нақтылай отырып, жоғары білім беру үрдісін цифрландыру және цифрлық трансформациялаудың ғылыми тәсілдерін талдау;

- оқытушылардың академиялық іс-әрекеттерінің цифрлық білім беру ортасында трансформацияға ұшырайтын құрылымдық компоненттерін анықтау;

- оқытушылардың цифрлық трансформацияға дайындығының цифрлық құзыреттілік, өзін-өзі қамтамасыз ету, педагогикалық сенімдер, институционалдық қолдау сынды негізгі факторларын анықтау;

- академиялық қызметтің трансформациясы нәтижесінде, цифрлық оқыту дизайнының сапасына арналған критерийлер мен көрсеткіштерді әзірлеу;

- цифрлық трансформация жағдайында оқытушылардың академиялық іс-әрекеттерін оңтайландыру бойынша практикалық нұсқауларды негіздеу.

Қойылған міндеттерді шешу, зерттеудің бірін-бірі өзара толықтырушы үш әдіснамалық негізінің үйлесіміне құрылды:

1) оқытушының академиялық іс-әрекетін білім беру нәтижелеріне жетуге бағытталған мақсатты әрекеттер жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін белсенділік теориясы (Валеева, 2024) [6];

2) сандық трансформацияны мақсаттар, ресурстар, ережелер, коммуникация және ұйымдастырушылық орта арасындағы қатынастардың өзгеруі ретінде түсіндіретін жүйелік тәсіл (Өбдірахманов және т.б., 2023) [7];

3) цифрлық педагогика және цифрлық дидактика тұжырымдамалары, оқыту мен бағалаудың платформалық формаларына көшуді тіркеу және талдаудың категориялық аппаратын нақтылау (Вайндорф-Сысоева және т.б., 2022) [8].

Жоғары білім берудің цифрлық трансформациясы бүгінгі таңда жеке технологиялардың жергілікті енгізілуі ретінде емес, білім беру мекемелеріндегі, инфрақұрылымдардағы және кәсіби тәжірибелердегі жүйелік өзгеріс ретінде көрінеді. Университет ортасы оқуды басқару платформаларын, синхронды және асинхронды коммуникацияларды, цифрлық ресурстарды, электрондық мониторинг және аналитика жүйелерін күнделікті норма ретінде қалыптастырды. Бұл – профессор-оқытушылар құрамының академиялық іс-әрекеттерін күрделі кәсіби кешен ретінде қайта құруларын тудырды. Халықаралық зерттеулер аясында, трансформация – цифрлық құзыреттілікке, цифрлық өзін-өзі реттеуге және платформаландыру шеңберінде педагогикалық-психологиялық дизайнды қайта қарастыруға қойылатын талаптардың артуымен айқындалды (Чжао және т.б., 2021) [9].

Зерттеу тақырыбының практикалық маңыздылығы цифрлық құралдардың дәстүрлі оқытуға «қосымша» болудан қалып, білім беру үрдісінің құрылымдық бөлшегіне айналуымен анықталады. Академиялық іс-әрекеттің негізгі формаларының бірі – цифрлық білім беру қарқыны, форматы, есеп беру стандарттары, коммуникация әдістері және бағалау критерийлері оқыту сапасына ғана емес, сонымен қатар оқытушылардың кәсіби тиімділігіне де әсер етеді (Сан және т.б., 2007) [10].

Жоғары оқу орны оқытушысының академиялық іс-әрекеті дәстүрлі түрде оқу-оқыту, ғылыми-зерттеу, әдістемелік жұмыс және академиялық қауымдастықтағы кәсіби өзара әрекеттестік сияқты бірнеше өзара байланысты компоненттерден тұрады. Цифрлық трансформация бұл компоненттердің әрқайсысына ықпал

етіп, оқытушылардан жаңа цифрлық педагогикалық құзыреттіліктерді, цифрлық ортаға бейімделуді және кәсіби рөлдердің өзгеруіне дайын болуды талап етеді. Сонымен қатар цифрлық технологияларды тиімді пайдалану оқытушылардың академиялық мотивациясына, кәсіби өзіндік тиімділігіне және академиялық адалдықты сақтау практикасына тікелей әсер етеді. Бұл тәсілдерді таңдау цифрлық трансформацияның тек оқыту құралдарына ғана емес, сонымен қатар педагогикалық жұмыстың логикалық құрылымына да әсер ететіндігімен байланысты: мақсат қою негізі, оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыру әдістері, бақылау форматтары мен сапа критерийлері, сондай-ақ адам мен цифрлық жүйе арасындағы жауапкершіліктің бөлінуі өзгеру үстінде (Роберт және т.б., 2007) [11].

Зерттеу барысында бірқатар теориялық және аналитикалық әдістер қолданылды:

- жоғары білім беру үрдісіндегі цифрлық трансформация бойынша негізгі ұғымдарды жүйелеу үшін, ғылыми әдебиеттер мен дерек көздерін талдау (Панос-Кастро және т.б., 2024) [12];

- оқытушылық қызмет трансформациясына және институционалдық цифрландыру стратегияларына шетелдік және аймақтық қатынастарды саралау мақсатындағы салыстырмалы талдау (Джанегизова және т.б., 2025) [13];

- қайталанатын тақырыптық блоктар мен тәуекелдерді анықтау үшін жоғары білім берудегі цифрлық құзыреттілік, цифрлық инновациялар және генеративті жасанды интеллекті енгізу мәселелері бойынша жарияланымдардың мазмұнын талдау (Гильен және т.б., 2024) [14];

- сандық ортада оқытушының академиялық іс-әрекетін трансформа-

циялаудың түпнұсқа құрылымдық моделін жасауға бағытталған теориялық модельдеу (мақсат – құрал – әрекет – нәтиже) [15].

Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығы жоғары білім беру жүйесінің цифрлық трансформацияны қолдау үшін ғылыми негізделген модельдерге деген сұранысынан туындайды. Нәтижелерді болашақ педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламаларын жобалау барысында, цифрлық оқыту дизайнының сапа критерийлерін әзірлеу кезінде, жоғары оқу орны оқытушыларын әдіснамалық қолдау тетіктерін жүзеге асыру үрдісінде және цифрлық ортада академиялық жұмыс жүктемесін ұтымды бөлу үстінде қолдануға болады. Осылайша, университет оқытушыларының академиялық іс-әрекеттерінің цифрлық трансформациясы педагогика, білім беру философиясы және жоғары білім сапасын басқару тоғысындағы күрделі мәселенің шешімін береді.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Ғылыми-аналитикалық талдау нәтижелері оқытушылардың академиялық іс-әрекетінің цифрлық трансформациясының негізгі бағыттарын анықтауға негіз болды. Олар – кәсіби рөлдегі, өзара әрекеттесу тетіктеріндегі, оқыту әдістеріндегі және бағалау барысындағы өзгерістер. Аталған айнымалыларды практикалық зерттеу үшін, академиялық іс-әрекеттің цифрлық трансформация деңгейін анықтауға арналған Likert-шкаласының бейімделген нұсқасы қолданылды [16].


Сауалнамаға 72 респондент (N = 72) қатысты; олардың 55-і әйелдер (76,4%), 17-сі ерлер (23,6%). Респонденттердің негізгі бөлігін 46 – 55 жас аралығы (27 оқытушы) мен 36 – 45 жас аралығы (23 оқытушы) құрайды; 55 жастан жоғары педагогтер үлесі

25% (18 оқытушы), 26-35 жас арасы 5,6% (4 оқытушы). Ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі бойынша қатысушылардың 59,7% (43 кісі) 20 жылдан астам тәжірибесі бар; 29,2% (21 жан) 11-20 жыл арасында; 5,6% (4 әріптес) 6-10 жыл аралығында және осындай көрсеткіш, яғни – 5,6% (4 адам) 1-5 жыл ішінде университетте оқытушы қызметін атқарып келеді. Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы бойынша деректермен танысу, келесі сілтеме арқылы:

<https://forms.gle/nwuf56sf3a357FRj7>

Зерттеуге қатысқан сыналушылардың цифрлық технологияларды қолдану жиілігі «үнемі», «жиі», «кейде», «сирек», «мүлде» шкалалары негізінде анықталды: үнемі – 32 (44,4%), жиі – 26 (36,1%), кейде – 12

(16,7%), сирек – 2 (2,8%), мүлде – 0. Академиялық іс-әрекетте цифрлық технологияларды қолдану өлшемінің дәрежесін көрсететін алғашқы 2 шкала («үнемі» және «жиі») бойынша алынған нәтижелердің басымдығын (44,4% + 36,1% = 80,5%) назарға алу арқылы, трансформациялаудың аспапты-құралдық әлеуеті анықталды. Оқытушылар қолданатын цифрлық технологиялар қатарында ZOOM, MS Teams бейне-конференциялар платформалары (58: 34,3%), AI жасанды интеллект құралдары (47: 27,8%), онлайн тестілеу жүйелері (27: 16%), Moodle, Canvas т.б. сынды LMS платформалары (17: 10,1%) және сандық білім беру ресурстары (20: 11,8%) аталғаны диаграмма арқылы бейнеленді (1-сурет).



Сурет 1. Университет оқытушылары қолданатын цифрлық технологиялар қатары

Цифрлық жүктеменің кәсіби күйзеліске жеткізу қатерінің шамасын зерттеу «жоқ», «кейде», «иә» шкалалары арқылы өлшенді. Респонденттердің 45,8% (33 оқытушы) цифрлық жүктеменің кәсіби күйзеліске әсерін жоққа шығарған; 34,7% (25 оқытушы) ішінара әсердің болатынын тұжырымдайды; ал 19,4% (14 оқытушы) оны мақұлдайды.

Цифрлық трансформацияның университет оқытушысының кәсіби қызметіне оң әсері туралы сауал «толық келісемін», «келісемін», «жартылай келісемін», «келіспей-

мін», «мүлде келіспеймін» шкалалары негізінде қорытындыланды. Кәсіби-академиялық іс-әрекетке цифрлық трансформацияның оң әсеріне 26 оқытушы (36,1%) толық келісетінін көрсетсе, 31 оқытушы (43,1%) келісетінін және 15 оқытушы (20,8%) жартылай келісетінін тұжырымдаған; «келіс-пеймін» және «мүлде келіспеймін» шкалалары бойынша көрсеткіш – 0.

Жоғары білім беру ұйымдарындағы академиялық еркіндік үрдісіне цифрлық технологиялар әсерін респонденттер келесі көрсеткіштер-


мен бағалаған: «оң әсер етеді» - 75%, «теріс әсер етеді» - 5,6%, «әсер етпейді» - 1,4%, «жауап бере алмаймын» - 18,1%. Егер тұшымды жауаптар қатарындағы «оң әсер етеді» және «әсер етпейді» өлшемдерінің нәтижелерін қосар болса, онда сауалнамаға қатысқан сыналушылардың 76,4% (54 адам) университеттерді цифрландыру үрдісінің оқытушылардың академиялық еркіндігіне кері әсері болмайтынын айқындаған.

Цифрлық технологияларды қолдану барысында кездесетін негізгі қиындықтар қатарына респонденттер техникалық дағдылардың жеткіліксіздігін (22 адам: 30,6%), уақыт тапшылығын (16 адам: 22,2%), материалдық-техникалық база әлсіздігін (33 адам: 45,8%), әдістемелік қолдаудың болмауын (1 адам: 1,4%) атағаны диаграмма арқылы 2-суретте бейнеленді; «психологиялық қарсылық» өлшемі – 0 (2-сурет).

Цифрлық құзыреттілікті арттыру факторлары университет оқытушыларының осы салада біліктілікті жетілдіру курстарына қатысу деңгейлерін анықтау арқылы өлшенді: «ия, үнемі» жауабы 44,4%, «сирек» жауабы 51,4%, «қатысқан емеспін» жауабы 4,2% көрсетті.

Сауалнаманың «Академиялық іс-әрекеттің цифрлық трансформациясына қатынасыңыз» сұрағына алынған жауаптар нәтижесі: «Цифрлық технологиялар оқыту сапасын арттырады – 31,9%», «Цифрлық трансформация заманауи оқытушы үшін қажетті үдеріс – 50%», «Цифрлық өзгерістер мен кәсіби тұрғыда қызықтырады – 6,9%», «Цифрлық жаңашылдықтар кейде алаңдаушылық тудырады – 11,1%». Бұл нәтижеден кәсіби рөлдің өзгерісіне респонденттердің психологиялық көзқарасы анықталады және олардың басым бөлігінің цифрлық трансформацияны заманауи оқытушы үшін қажетті үдеріс деп санайтыны нақтыланды.

Университеттегі академиялық іс-әрекеттің цифрлық трансформациясы оқытушы рөлін қалай өзгертуі мүмкін екені жөнінде респонденттер өз пікірлерін ортаға салды: цифрлық ортада оқытушы «білім берушіден фасилитаторға ауысады» - 44,4%, «оқытушы кеңесшіге айналады» - 34,7%, «оқытушы рөлін менторға балаймын» - 6,9%, «өзгермейді» - 13,9% жауаптары жинақталы. Бұл жоғары білім беру үрдісіндегі оқытушы рөліне қатысты дәстүрлі модель өзгерісін танытады.



Сурет 2. Оқытушылардың цифрлық технологияларды қолдану қиындықтары

Респонденттердің кәсіби дамуына университеттегі академиялық іс-әрекеттің цифрлық трансформациясының әсері «цифрлық трансформация менің кәсіби дамуыма жақсы әсер етеді», «сабақ өту деңгейі оңтайландырылады», «жұмысты оңтайландырады», «уақытты үнемдеп, инновациялық жұмыс жасауға болады», «білім беру процесіне жаңашылдық енгізеді», «оқу сапасын арттырады» жауаптарымен анықталды. Респонденттердің пікірлері:

- жаңа және керек ақпаратты қысқа уақыт аралығында алып, оны қолдануға мүмкіншілік беретіндіктен, ол менің дамуыма оң әсерін тигізеді»;

- кәсіби дамуыма оң әсерін береді, өйткені заман көшінен қалмай, ұдайы дамып отыру біздің міндетіміз;

- ақпаратқа жылдам қол жеткізуге, жаңа әдістемелер мен құралдарды үйренуге, сондай-ақ жұмысымды тиімдірек және икемдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

- цифрлық трансформация менің кәсіби дамуыма оң әсер етеді: жаңа дағдыларды меңгеруге, оқыту әдістерін жетілдіруге және кәсіби мүмкіндіктерді кеңейтуге ықпал етеді.

«Оқытушының академиялық іс-әрекетін цифрландыруды жетілдіру бойынша ұсыныстарыңыз» сауалына берілген нұсқалар ішінен іріктелген бірқатар жауаптар: «семинар, тренингтер, конференциялар өткізу», «курстар ұйымдастыру немесе курстарға қатысуға институционалды қолдау жасау», «арнайы базаның қажеттілігі немесе материалдық-техникалық базаны жарактандыру, «оқытушы мен студенттің цифрлық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету», «оқытушының цифрлық құзыреттілігі артуы үшін біртұтас білім беру платформасын құру», «күнделікті жұмыстарды автоматтандыру», «әдістемелік еркіндікті сақтау». Аталған пікірлердің

арасында оқытушыларға арналған тұрақты біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру қажеттілігіне басымдық беріле отырып, бұл курстар тек техникалық құралдарды меңгеруге ғана емес, сонымен қатар цифрлық технологияларды дидактикалық мақсатта қолдану әдістемесіне бағытталуы тиістігі ұсынылған. Ол онлайн-бағалау, интерактивті тапсырмалар құру техникалары, білім алушылардың оқу деректерін талдау әдістемелері сынды, университеттегі академиялық іс-әрекетті цифрландыруға байланысты өзекті мәселелерді жүйелі түрде ендіруді міндеттеумен бекітілген.

Оқытушылардың цифрлық ортаға психологиялық бейімделуін қолдау үшін қандай іс-шаралар қажеттігі сұралғанда, респонденттер курстар ұйымдастырылуы керектігін тағы да атап көрсете отырып, интерактивті сұхбаттар, психологиялық қолдау, тренингтер, цифрландыру технологияларын зерттеу, ашық әңгімелер, бірігіп жұмыс жасау, ақылдасу, цифрлық ортаға психологиялық бейімделу үшін оқытушыларды тұрақты оқыту, техникалық қолдау, өзгерістерді кезең-кезеңімен ендіру және қолдаушы кәсіби орта болуы тиістігін алға тартқан.

Сонымен, университет оқытушыларының академиялық іс-әрекеттің цифрлық трансформациясына қатынастары, цифрлық технологияларды қолдану шамалары және үрдіске психологиялық бейімделу ерекшеліктері талданып, зерттелді. Алынған нәтижелер оқытушылардың цифрлық ортаға жоғары деңгейде кіріктірілгенін көрсетеді: респонденттердің басым бөлігі технологияларды «үнемі» немесе «жиі» қолданады. Пайдаланылатын құралдардың ішінде бейне-конференция, онлайн-тестілеу, LMS платформаларының жетекші орын алуы оқу үрдісінің ұйымдастырылуы мен бағалау

тетіктерінің институционалды цифрлануымен байланысты деректер. Сонымен қатар жасанды интеллект құралдарының жиі таңдалуы оқытудың мазмұнын жоспарлау, оқу контенттерін әзірлеу, кері байланыс орнату сынды міндеттерде жаңа тәжірибелер мен кәсіби дағдылардың қалыптасып жатқанын аңғартады.

Алынған деректер жоғары білім беру ұйымдары оқытушыларының цифрлық құзыреттіліктерін арттырумен қатар, университеттің академиялық ортасында жұмыс көлемін реттеу, техникалық қолдау және психологиялық сүйемелдеу тетіктерін енгізу маңызын негіздейді.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орны оқытушыларының академиялық іс-әрекетінің цифрлық трансформациясы институционалдық жағдайлармен қатар, психологиялық факторларға да тәуелді екенін көрсетті. Цифрлық құзыреттілік, институционалдық қолдау және кәсіби мотивация цифрлық трансформацияның табысты жүзеге асуында шешуші рөл атқаратын маңызды факторлар. Алынған нәтижелер жоғары білім беру ұйымдарында тұрақты цифрлық даму стратегияларын әзірлеуге ғылыми негіз бола алады.

Ғылыми-педагогикалық іс-тәжірибе мен жас ерекшелігінің модераторлық әсері цифрлық трансформация үдерісінің біркелкі еместігін көрсетті. Алынған нәтижелер аға буын оқытушылары үшін мақсатты цифрлық қолдау мен бейімдеу бағдарламаларының қажеттілігін тұжырымдайды. Осы тұрғыдан

алғанда, зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарының басқарушылық және кадрлық саясатында цифрлық трансформацияны психологиялық тұрғыдан қолдау қажеттігін негіздейді. Цифрлық бейімделу мен академиялық мотивацияның медиаторлық рөлі университет оқытушыларының цифрлық ортадағы кәсіби мінез-құлқын түсіндіруде маңызды психологиялық тетіктер бар екенін көрсетеді. Бұл – жаңа технологияларды қабылдау модельдері аясында, өзгерістерді қабылдауға дайын болу, жеке-тұлғалық сенім және мотивацияның шешуші рөл атқаратынын тұжырымдайды.

Зерттеу жоғары оқу орны оқытушыларының академиялық іс-әрекетінің цифрлық трансформациясы күрделі әрі көпдеңгейлі үдеріс екенін дәлелдеді. Алынған деректер цифрлық педагогикалық құзыреттілік пен институционалдық қолдаудың академиялық іс-әрекеттің барлық негізгі компоненттеріне елеулі әсер ететінін көрсетті. Нәтижелердің халықаралық зерттеулерде көрсетілген цифрлық құзыреттіліктің жоғары білім беру сапасын арттырудағы негізгі факторы ретіндегі тұжырымдармен (Bond et al., 2020) [17] сәйкестігі негізделді.

Жалпы алғанда, зерттеу жоғары білім беру жүйесінде цифрлық трансформацияны тек технологиялық жаңару ретінде емес, оқытушы тұлғасының кәсіби және психологиялық дамуын қамтитын кешенді үрдіс ретінде қарастыру қажеттігіне назар аударады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Нахбаева, Г. Қазақстан университеттерінің цифрлық трансформациясы: стратегиялық басымдықтар және оны жүзеге асыру [Мәтін] / Г. Нахбаева, Р. Нуртазина, А. Кайдарова // Адам әлемі. – 2025. – №1. – 28-33 б <https://doi.org/10.48010/aa.v103i1.724>
2. Михайлова, А.М. Трансформация представлений педагогов об использовании цифровых средств на уроках, развивающих критическое мышление и творчество. [Текст] / А.М. Михайлова – М., 2024. – 125 с.

3. Пенг Ран, Изучение роли установок, самоэффективности и цифровой компетентности в процессе внедрения учителями информационно-коммуникационных технологий [Текст] / Ран Пенг, Рафиза Абдул, Сити Хаджар // Heliyon. – 2024 (13.07.2024). Том 10. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e34234>
4. ЮНЕСКО-ның АКТ құзыреттілік шеңбері: мұғалімдер. – Париж: ЮНЕСКО. – 2018. – 453 б.
5. Білім беру. Сандық ғасыр: оқудағы технология және инновация. – Париж: ЭЫДҰ. – 2020. – 519 б.
6. Валеева, Г.В. Ресейлік жоғары білім берудегі білім берудің сандық трансформациясы: әлеуметтік-этикалық талдау [Мәтін] / Г.В. Валеева // Иваново: «Университет», 2024. – 210 б.
7. Әбдірахманов, Д.М. Сандық дидактика: мамандандырылған сөздік және анықтамалық. Сандық трансформация контекстіндегі ғылым және білім [Мәтін] / Д.М. Әбдірахманов, Р.М. Асадуллин, И.В. Сергиенко // М: Педагогика. – 2023. – 269 б.
8. Вайндорф-Сысоева, М.Е. Сандық педагогика (монография) [Мәтін] // М.Е. Вайндорф-Сысоева, М.Л. Субочева // М.: Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті. – 2022. – 341 б.
9. Zhao, Y. Жоғары білім беру саласындағы зерттеулердегі сандық құзыреттілік: жүйелі әдебиеттерге шолу. [Мәтін] Y. Zhao, A.M. Pinto, M.C. Sánchez // 2021. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104212>
10. Sun T.Y. және т.б. Жоғары білім берудегі оқытушылардың жұмысына сандық трансформацияның әсері: сандық өзін-өзі бағалаудың делдалдық рөлі және тапсырма-технология сәйкестігінің модераторлық рөлі. [Мәтін] // 2025. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1693375>
11. Роберт, И.В. Білім берудің цифрлық трансформациясы: теория және тәжірибе (монография) [Мәтін] И.В. Роберт, И.Ш. Мухаметзянов, Е.В. Лопанова. // Омск: ОмГА. – 2022. – 294 б.
12. Панос-Кастро Дж. және т.б. Жоғары білім берудегі сандық трансформация және оқыту инновациясы: нақты жағдай // Білім беру ғылымдары. – 2024. – № 14 (8). – 820 б. <https://doi.org/10.3390/educsci14080820>
13. Джанегисова, А.С. Қазақстандағы жоғары білім берудің цифрлық трансформациясы: мәселелері және шешімдері [Мәтін] / А.С. Джанегисова, До Хуонг Лан, З.К. Чуланова // Статистика, есеп және аудит. – 2025. – № 3(98). <https://doi.org/10.51579/1563-2415.2025.-3.18>
14. Гильен Гамес, Ф.Д. Жоғары білім беру оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы сандық құзыреттілік: түсіндірме және растау моделін тексеру [Мәтін] / Ф.Д. Гильен Гамес, Л. Томчик, Э. Коломо-Маганья, М.Л. Массия // Электрондық оқыту және білім қоғамы журналы. – 2024. – №20 (3). – 1–12 б. <https://doi.org/10.20368/1971-8829/1135963>
15. Hoernig, S. Генеративтік жасанды интеллект және жоғары білім: қиындықтар мен мүмкіндіктер [Мәтін] / S. Hoernig, A. Piharo, P. Trigo Pereira, R. Pereira // Лиссабон қоғамдық саясат институты. – 2024. – №1. – 16-24 б.
16. Ку, М. Шкала типа Лайкерта. Энциклопедия. [Мәтін] / М. Ку, С.У. Янг // Нью-Йорк., 2025. – С. 321-332.
17. Michel-Vilyarreal, R. ChatGPT түсіндірмесінде жоғары білім беру үшін генеративті жасанды интеллекттің қиындықтары мен мүмкіндіктері [Мәтін] / R. Michel-Vilyarreal, E. Vilalta-Perdomo, D.E. Salinas-Navarro, R. Thierry-Aguilera, F.S. Gerardou // Education Sciences. – 2023. – №13 (9). – 856 б. <https://doi.org/10.3390/educsci13090856>

М.П. Оспанбаева, Е.Х. Рысметов, Ш.Т. Турдалиева

*Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан*

### ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ АКАДЕМИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

**Аннотация.** В статье проанализированы результаты исследования процесса интенсивной цифровой трансформации в системе высшего образования. Рассмотрен характер современных изменений в содержании и структуре академической деятельности преподавателей университетов. В условиях информационной эпохи педагогические, технологические и психологические компетенции профессорско-преподавательского состава требуют пересмотра в соответствии с современными требованиями. В этой связи в

исследовании рассматривается цифровая трансформация академической деятельности преподавателей высших учебных заведений с позиций институциональных и психологических факторов. Исследование проведено в контексте современного состояния системы высшего образования Республики Казахстан и охватывает период цифровизации, внедрения гибридного обучения и академических реформ.

В предлагаемой эмпирической модели в качестве независимых переменных, влияющих на трансформацию академической деятельности, были рассмотрены доступность цифровой инфраструктуры, уровень использования цифровых образовательных платформ, цифровая педагогическая компетентность, институциональная поддержка и возможности профессионального цифрового развития. Результаты исследования показали, что факторы цифровой трансформации оказывают значимое влияние на изменения в образовательной, научно-исследовательской, методической деятельности, академической коммуникации и практике академической добросовестности. Полученные данные позволяют глубже понять психологические механизмы академической деятельности в системе высшего образования и могут служить основанием для совершенствования институциональной политики и модернизации программ профессионального развития преподавателей.

**Ключевые слова:** цифровая трансформация, академическая деятельность, преподаватели высших учебных заведений, цифровая компетентность, академическая мотивация.

M.P. Ospanbayeva, E.Kh. Rysmetov, Sh.T. Turdalieva  
M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz., Kazakhstan

#### DIGITAL TRANSFORMATION OF ACADEMIC ACTIVITY OF HIGHER EDUCATION INSTRUCTORS

Annotation. This article analyzes the results of a study on the intensive process of digital transformation in the higher education system. The nature of contemporary changes in the content and structure of university instructors' academic activity is examined. In the context of the information age, the pedagogical, technological, and psychological competencies of faculty members require reconsideration in accordance with current academic and professional demands. Accordingly, the study explores the digital transformation of higher education instructors' academic activity from both institutional and psychological perspectives. The research was conducted within the framework of the current state of the higher education system of the Republic of Kazakhstan and covers the period of digitalization, the implementation of hybrid learning models, and ongoing academic reforms.

The proposed empirical model examines the availability of digital infrastructure, the level of use of digital educational platforms, digital pedagogical competence, institutional support, and opportunities for professional digital development as independent variables influencing the transformation of academic activity. The findings demonstrate that digital transformation factors have a significant impact on changes in teaching, research, and methodological activities, as well as on academic communication and academic integrity practices. The results contribute to a deeper understanding of the psychological mechanisms underlying academic activity in higher education and provide a basis for improving institutional policies and modernizing faculty professional development programs.

Keywords: digital transformation, academic activity, higher education instructors, digital competence, academic motivation.

#### References

1. Nakhbayeva, G., Nurtazina, R., & Kaidarova, A. (2025). Kazakhstan universities' digital transformation: Strategic priorities and implementation. *Adam Alemi*, (1), 28–33. <https://doi.org/10.48010/aa.v103i1.724>

2. Mikhailova, A. M. (2024). Transformatsiya predstavleniy pedagogov ob ispol'zovanii tsifrovyykh sredstv na urokakh, razvivaushchikh kriticheskoe myshlenie i tvorchestvo (125 p.). Moscow.
3. Peng, R., Rafiq, A., & Siti, H. (2024). Examining the role of attitudes, self-efficacy, and digital competence in the process of teachers' ICT integration. *Heliyon*, 10. <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e34234>
4. UNESCO. (2018). ICT competency framework for teachers. Paris: UNESCO
5. OECD. (2020). Education in the digital age: Technology and innovation in learning. Paris: OECD.
6. Valeeva, G. V. (2024). Digital transformation of education in Russian higher education: A socio-ethical analysis (210 p.). Ivanovo: Universitet.
7. Abdirakhmanov, D. M., Asadullin, R. M., & Sergienko, I. V. (2023). Digital didactics: Specialized dictionary and reference. Science and education in the context of digital transformation (269 p.). Moscow: Pedagogika
8. Waindorf-Sysoyeva, M. E., & Subocheva, M. L. (2022). Digital pedagogy (Monograph) (341 p.). Moscow State Pedagogical University.
9. Zhao, Y., Pinto, A. M., & Sánchez, M. C. (2021). Digital competence in higher education research: A systematic literature review. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2021.104212>
10. Sun, T. Y., et al. (2025). Digital transformation's impact on faculty work in higher education: Mediating role of digital self-efficacy and moderating role of task-technology fit. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1693375>
11. Robert, I. V., Mukhametzyanov, I. Sh., & Lopanova, E. V. (2022). Digital transformation of education: Theory and practice (Monograph) (294 p.). Omsk: OmGA.
12. Panos-Castro, J., et al. (2024). Digital transformation and teaching innovation in higher education: A case study. *Education Sciences*, 14(8), 820. <https://doi.org/10.3390/educsci14080820>
13. Djanegisova, A. S., Do, H. L., & Chulanova, Z. K. (2025). Digital transformation of higher education in Kazakhstan: Challenges and solutions. *Statistics, Accounting, and Auditing*, 3(98). <https://doi.org/10.51579/1563-2415.2025.-3.18>
14. Gillen-Games, F. D., Tomchik, L., Kolomo-Maganya, E., & Massia, M. L. (2024). Digital competence in research activities of higher education instructors: Testing explanatory and confirmatory models. *Journal of E-Learning and Knowledge Society*, 20(3), 1–12. <https://doi.org/10.20368/1971-8829/1135963>
15. Hoernig, S., Ilharco, A., Trigo Pereira, P., & Pereira, R. (2024). Generative AI and higher education: Challenges and opportunities. *Lisbon Institute of Public Policy*, 1, 16–24.
16. Ku, M., & Yang, S. U. (2025). Likert-type scale. In *Encyclopedia* (pp. 321–332). New York.
17. Michel-Villarreal, R., Vilalta-Perdomo, E., Salinas-Navarro, D. E., Thierry-Aguilera, R., & Gerardou, F. S. (2023). Challenges and opportunities of generative AI for higher education: A ChatGPT perspective. *Education Sciences*, 13(9), 856. <https://doi.org/10.3390/educsci13090856>

7.02.2026 ж. баспаға түсті  
31.03.2026 ж. басып шығаруға қабылданды

Мақалаға сілтеме:



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).